



КЕЛІСЕМІН:

Оқу ісінің меңгерушісі

СОГЛАСОВАНО:

Зам.директора по

учебной работе

Тапторбаева Р.А.

«1» 09.10.2024г.

ӘБ ОТЫРЫСЫНДА ҚАРАЛДЫ:

ӘБ жетекшісі

Хаттама № 1

РАССМОТРЕНО

НА ЗАСЕДАНИИ МО:

Ф.И.О. Руководителя МО

Боевжана А.Ж.

Протокол № 1

«13» 09.10.2024г.

2024-2025 оқу жылына арналған мектепалды 0 сыныбының

Тәрбие мен білім беруде ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Балаларды ерте дамыту институты» РММ Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен (2024 жылғы 17 маусымдағы №5 хаттама) ұсынылады. Астана, 2024ж.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы).

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына 2-қосымша)

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына қосымша) бұйрығымен енгізіледі.

Мектепалды сыныптарда және топтарда тәрбиелеу мен оқыту процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы «Алматыкітап баспасы» баспасының оқулықтары бойынша 2024-2025 ж.

«Мәдениет ауылының жалпы орта білім беретін мектебі » КММ
Мектепалды сыныптар үшін 2024-2025 оқу жылына арналған
жұмыс оқу жоспарына
Түсінік хат

Мектепалды даярлық 5 жастан бастап мектепалды сыныптарына жүзеге асырылады

(«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабы) сәйкес білім беру мекемесінің құзыретіне білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарларын әзірлеу мен бекіту кіреді.

Абай облысы білім басқармасының Семей қаласының білім бөлімінің «N25 орта мектеп» КММ-нің мектепалды сыныптарына арналған жұмыс бағдарламасы келесі нормативтік базаның негізінде жасалды:

1. 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Балаларды ерте дамыту институты» РММ Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен *(2024 жылғы 17 маусымдағы №5 хаттама)* ұсынылады. Астана, 2024ж.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы).
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына 2-қосымша)
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына қосымша) бұйрығымен енгізіледі.

Мектепалды сыныптарға арналған жұмыс оқу жоспарында мемлекеттік стандартта қарастырылған пәндерді оқуға бөлінген сағат саны сақталды.

ТҮСІНІК ХАТ МАЗМҰНЫ

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі ұлттық даму стратегиясымен тығыз байланысты мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Бала — біздің болашағымыз. Олай болса, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі. Ол – үздіксіз білім берудің алғашқы деңгейі. Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты – баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы болып отыр.

Еліміздің мектепке дейінгі ұйымдардың педагогикалық үдерістерін жаңа бағдарламалармен, оны жүргізудің тиімді әдістерімен қамтамасыз ету қажеттілігі туды. Ұсынылып отырған бағдарламасы мектепке дейінгі 5-6 жастағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудың психологиялық-педагогикалық және мазмұндық аспектілерін ашады және негізгі құзіреттіліктерді қалыптастырудың міндеттерін жүзеге асырады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу.

Осы Стандартта мынадай терминдер мен олардың анықтамалары қолданылады:

1) білім алу үшін арнайы жағдайлар – оқу, сондай-ақ арнайы, жеке дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, өмір сүру ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдауды, медициналық, әлеуметтік және ерекше балалардың, сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім беру бағдарламаларын меңгеруі үшін қажетті өзге де іс-әрекеттерді қамтитын жағдайлар;

2) дамытушы орта - заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, күні бойы өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта;

3) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар (бұдан әрі – ерекше балалар) – тиісті деңгейде және қосымша білім алу үшін арнайы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілігі бар балалар;

4) баланы толыққанды дамыту - қимыл белсенділігіне жағдай жасау, пайдалы және құнарлы тамақтандыру, жағымды қарым-қатынас орнату және дамытушы ортаны ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етілетін баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық денсаулығы мен қауіпсіздігі;

5) оқу бағдарламасы – меңгерілуі тиіс білім, біліктердің, дағдылар мен құзіреттіліктердің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама.

Әдістемелік нұсқау хатта 2024-2025 оқу жылының негізгі міндеттер мен ерекшеліктері белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;
- балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
- Отанды, ана тілін сүюге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;
- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы оқыту;
- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы).

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыргүйектегі № 394 бұйрығына 2-қосымша)

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына қосымша).

1) мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген, өңірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);
- 2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
- 3) сөйлеуді дамыту;
- 4) көркем әдебиет;
- 5) сауат ашу негіздері;
- 6) қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда);
- 7) сенсорика;
- 8) математика негіздері;
- 9) құрастыру;
- 10) қоршаған ортамен таныстыру;
- 11) сурет салу;
- 12) мүсіндеу;
- 13) жапсыру;
- 14) музыка.

2. Бағдарламаның мақсаты: әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде

оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу болып табылады.

3. Бағдарламаның міндеттері: мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құру, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен

дағдыларын қалыптастыру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді беру болыптабылады.

4. Бағдарлама мазмұны: дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруға;

балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас

дағдыларын меңгертуге, қолдың ұсақ моторикасын, командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға;

тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуге; өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасауға;

тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға;

мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабақтастық пен үздіксіздік

қағидаларын қамтамасыз етуге;

бастауыш білім беру ұйымдарында мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беруге бағытталған.

5. Бағдарламаның мазмұны балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып, келесі жас топтарында іске асырылады:

ерте жас тобы – 1 жастағы балалар;

кіші топ – 2 жастағы балалар;

ортаңғы топ – 3 жастағы балалар;

ересек топ – 4 жастағы балалар;

мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып – 5 жастағы балалар.

6. Бағдарламаның мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл.

7. Педагог балаға:

ненің "дұрыс" және ненің "бұрыс" екенін түсінуді;

сыпайы және мейірімді болуды;

дос болуды, құрметтеуді, көмектесуді, бөлісуді;

қызығушылық танытуды, қоршаған әлемді бақылауды және зерттеуді;

тыңдауды, түсінуді және саналы сөйлеуді;

қауіпсіз мінез-құлық ережелері мен салауатты әдеттерді сақтауды;

физикалық белсенділікке, соның ішінде белсенді қимыл ойындарын ойнауды;

өзі ойнауды;

ересектерге көмектесуге, еңбекқорлыққа;

ата-анасына, достарына, туған өлкесіне деген сүйіспеншілік пен қамқорлық көрсете

білуді, отбасын бағалауды;

өзіне қамқорлық жасауға және ниетін білдіруге үйретеді.

8. Бағдарлама меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдарда және мектептердегі (лицейлердегі, гимназиялардағы) мектепалды сыныптарда іске

асырылады.

Мектепалды сыныптарында негізгі міндеттері:

- балаларда оқу әрекетінің ұйымдастырылған мінез-құлқының дағдыларын қалыптастыру (танымдық белсенділік, шығармашылық);

- мектепке оқу үшін қажетті болашақ бірінші сынып оқушысының жеке қасиеттерін қалыптастыру (жауапкершілік, зейінділік, дербестік, ынталық);

- ұжымдық әрекетте бірлесіп әрекет ету дағдыларына тәрбиелеу (құрдастарына көмек көрсету, жұмыс нәтижелерін бағалау және т. б.);

- балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымнан мектепке көшу кезінде сабақтастықты және табысты бейімделуді қамтамасыз ету;

- баланың мектепке эмоционалды-оң көзқарасын, оқуға деген ынтасын дамыту.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

5.Тәрбиелеу-білім беру процесінде:

әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылады;

балалардың құқықтарын, өмірін қорғау, денсаулығын нығайту қамтамасыз етіледі;

салауатты өмір салтының негіздері, қауіпсіз өмір сүру дағдылары, қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, когнитивтік дағдылар, өзіне, отбасына, құрдастарына, қоршаған ортаға адамгершілік қарым-қатынасы, тәрбиеленушілердің қарым-қатынас мәдениеті, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздері, патриотизм қалыптасады; тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркем-эстетикалық, шығармашылық қабілеттері дамиды;

Отанға, ана тіліне сүйіспеншілік тәрбиеленеді;

баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалды, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беріледі.

6.Тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

7. Физикалық қасиеттерді дамыту.

Физикалық дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылады.

Мақсаты денсаулық сақтау технологиясын қолданып, балалардың негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту болып табылады.

Міндеттері:

- балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту;
- спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту;
- дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту;
- дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту;
- балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға

медициналық-педагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау.

8. Коммуникативтік дағдыларды дамыту.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сауат ашу негіздері, қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады.

Мақсаты балалардың түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеуді, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту, сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру болып табылады.

Міндеттері:

- сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау;
- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;
- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;

- балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу;
- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;

9. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және математика негіздері

ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады.

Мақсаты балалардың қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерту, коммуникативтік-танымдық қабілеттерді, математикалық және логикалық ойлауды дамыту болып табылады.

Міндеттері:

- танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға ынтасын арттыру;
- зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп -салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту;
- балаларды зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, объектілерге зерттеу жүргізу үшін өз әрекетінің алгоритмін жасауға баулу;
- математикалық және интеллектуалды-шығармашылық қабілеттіліктің алғышарттары көрінуіне ықпал ету.

10. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.

Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы іске асырылады.

Мақсаты балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, қиялдауын, қоршаған әлемді бейнелі қабылдауын қалыптастыру, өзінің түсініктерін, ойларын, сезімдерін көркем түрде жеткізе білуге үйрету болып табылады.

Міндеттері:

- балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;
- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;
- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;
- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;
- музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;
- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;
- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.

11. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаған ортамен

таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады.

Мақсаты тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтік дағдыларын дамыту, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарға баулу, қоршаған әлемнің заттары мен құбылыстары туралы ұғымдарын байыту болып табылады.

Міндеттері:

- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу;
- дербестікке тәрбиелеу;
- Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту;
- еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру;
- табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу;
- экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау.

12. Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептердің мектепалды сыныптарында тәрбие жұмысы

МДҰ мен мектептердің мектепалды сыныптарында Біртұтас тәрбие бағдарламасы іске асырылады¹⁶.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу күні бойы – режимдік сәттерде, ұйымдастырылған іс-әрекетте және балалар әрекетінің басқа да түрлерінде жүзеге асырылады.

Стандарт¹⁷ талаптарында әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу, ұлттық бірегейліктің, азаматтық пен патриотизмнің негіздерін қалыптастыру міндеті көзделген.

Тәрбиенің мақсаты: жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Тәрбиенің міндеттері:

- ата-аналарды, ересектерді құрметтеу дағдыларын қалыптастыру және тәрбиелеу, олардың тәрбиесін тыңдау;
- мейірімділік, адалдық, жауапкершілік, қамқорлық пен әділдік қасиеттеріне баулу;
- еңбекқорлыққа баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру;
- ұлттық мұраны қастерлеу, қазақ тілін құрметтеу дағдыларын енгізу;
- патриотизм сезімін қалыптастыру;
- денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға үйрету;
- табиғатқа, ұлттық және табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға, табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу.

Мақсат пен міндеттерді тиімді іске асыру үшін:

- бесік-жырлары, балаларға арналған әндер, тақпақтар, жұмбақтар және мақал-мәтелдер, балалардың айтуына жеңіл жаңылтпаштар қолдану;
- күндізгі ұйқы алдында балаларға ертегі оқып беру;
- балалармен ертегі сағаттарын, «Әжемнің ертегісі», «Бал бала» іс-шараларын өткізу;
- ұлттық, спорттық, қимылды ойындарды, мамандықтар бойынша сюжетті-рөлдік ойындарды, «Отбасы» және басқа ойындарды өткізу;
- экскурсиялар ұйымдастыру (мұражайлар, театрлар, өлкетану экскурсиялары, кәсіпорындарға бару);
- отбасымен ынтымақтастық - МДҰ әлеуметтік желілерінің парақшалары (Facebook, Instagram, Telegram, WhatsApp) арқылы ақпарат алушы ретінде ата-аналармен байланыс орнату, балаларды тәрбиелеуге қатысты мәселелер бойынша ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету ұсынылады.

13. Мектепке дейінгі ұйымдарда және мектептердің мектепалды сыныптарында қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті түрлерінің тақырыптық жоспары.

1. Ұйымдастырылған іс-әрекеттердегі мінез-құлық ережелері
2. Жедел қызметтің телефон нөмірлері, қауіпсіз терезелер
3. Қыс мезгілінде серуендеу ережелері.
4. Сенімді ересектер: кімнен көмек сұрауға болады?
5. Қауіпсіз кіреберіс және лифт.
6. Жануарлармен қарым-қатынаста қауіпсіздікті сақтау.
7. Қылмыскердің келбеті қандай? Талдау және қорытынды жасау.

8. Азық-түдіктер-аллергендер. Қауіпсіз ас (Өзінді жағымсыз реакциялардан қалай қорғауға болады?)

9. Электр құралдарымен, розеткалармен, қуаттау құрылғыларымен жұмыс істеу ережесі.

10. Табиғаттағы мінез-құлық ережелері.

14. Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру

Үлгілік қағидаларға сәйкес МДҰ өз қызметін келесі кезеңдер бойынша жүзеге асырады:

1. 1 қыркүйектен 31 мамырға дейін – оқу жылы (*үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру мерзімі*);

2.1 маусымнан 31 тамызға дейін – жазғы сауықтыру кезеңі.

15. Мектептердің мектепалды сыныптарында мектепалды даярлықты ұйымдастыру

Аптасына ұйымдастырылған іс-әрекеттің саны - 20 сағатты, мектепалды жастағы балалардың құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша ұйымдастырылған бір іс-әрекеттің ұзақтығы - 20-25 минутты құрайды.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: « Мәдениет ауылының ЖОББМ»КММ

Топ/сынып:Мектепалды 0

Балалардың жасы:5-6жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы 2024-2025 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ҚЫРКҮЙЕК	Дене шынықтыру	- сапқа бір қатармен тұру. - дене қасиеттерін қалыптастыру; - үйде, көшеде, табиғатта өзін-өзі қауіпсіз ұстау дағдыларын жетілдіру; - негізгі қозғалыстарды жетілдіру арқылы балалардың қозғалыс тәжірибесін байыту. Күтілетін нәтиже: баяу жүгіру дағдыларын, түрлі тәсілмен жүргенде қолдарының соған сәйкес қимыл амплитудасын қолдануды, кеңістікті бағдарлау қабілеттеріне ие.
	Сөйлеуді дамыту	- балалардың сөздік қорын зат есімдермен байыту; - басқа адамдармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру; - әртүрлі формалар мен іс-әрекеттерде ауызша сөйлеуді дамыту; - қазақ халқының және басқа ұлттардың мәдениетіне, салт-дәстүріне құрметпен қарауға тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: әңгіме мазмұнын түсініп, жалғастырып айтады.
	Көркем әдебиет	-шығармалардың эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу. - коммуникативті дағдылар мен дағдыларды дамыту: байланыстырып сөйлеуін жетілдіру, әңгімелесушіні тыңдау және тыңдау, диалог жүргізуге, өз ұстанымын білдіруге дайын болу; - қазақ және басқа халықтардың мәдениетіне, салт-дәстүріне құрметпен қарауға тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: көп сөздерді жалпылама сөзбен айтады.
	Қазақ тілі	-сөйлеу әрекетінің түрлерін тыңдалым,айтылым,оқылым,жазылымды дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді меңгерту және тілдік нормаларды сақтай отырып іс-әрекетте және күнделікті өмірде қолдану; -балалардың сөздік қорын байыту. Күтілетін нәтиже: сөз заттардың атын, іс-әрекетті, сапасын білдіретінін түсіне алады.
	Сауат ашу негіздері	-«Сөз» және «дыбыс» терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. - балаларды сөздегі дыбыс тізбегін белгілей білуге үйрету. Күтілетін нәтиже: дыбыс пен сөз туралы білгендерін еске түсіреді.
	Математика негіздері	-математикалық терминдерді қолдана білуді, геометриялық пішіндерді тану және атай білуді

	үйрету; - танымдық логикалық процестерді дамыту:сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; - элементар математикалық бейнелерді қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: жеке-дара заттар мен заттар жұбын табуды білу.
Қоршаған ортамен таныстыру	-табиғатқа қамқорлықпен қарауға, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезінуге тәрбиелеу. -үйде, балабақшада, қоғамдық орындарда қарым-қатынастың жалпы қабылданған нормалары мен ережелерін сақтауға үйрету. Күтілетін нәтиже: алуан түрлі материалдардың белгілері мен қасиеттері және қолданылуы арасындағы байланысын түсінеді.
Сурет салу	- елестету және заттарға қарап пішіндерді бере отырып салу дағдыларын қалыптастыру. - балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған шындықтың эстетикалық жағына қызығушылықтарын дамыту; - көркем шығармаларды қабылдау қабілетін қалыптастыру, эмоционалды көзқарасты ояту. Күтілетін нәтиже: қағаз бетіне қарындашпен сала білу біліктерін өз тілегіне байланысты болашақта қолдана алады.
Мүсіндеу	-атқа қарап немесе көз алдарына елестету арқылы көлемі мен пішіні әртүрлі таныс заттарды мүсіндеу; - балаларда өмірден алынған және өз ойлары бойынша әртүрлі заттарды мүсіндеу қабілетін дамыту; - баланың заттардың пішіні, олардың айырмашылығы мен ұқсастығы, кеңістіктегі орны, өзіне тән белгілері туралы түсінігін нақтылау. Күтілетін нәтиже: тазалық шараларын сақтауды, ауызекі сөйлеуде«себет»сөзінің мағынасына қарай дұрыс қолдана алады.
Жапсыру	- балалардың қайшыны қолдану, желіммен жапсыру біліктерін бекіту; - балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған шындықтың эстетикалық жағына қызығушылықтарын дамыту; - көркем шығармаларды қабылдау қабілетін қалыптастыру, эмоционалды көзқарасты ояту. Күтілетін нәтиже: геометриялық пішіндерді сәйкестендіріп қолдана білу.
Құрастыру	-шамасы бойынша әртүрлі құрылыстардың нұсқаларын жасай білу; - танымдық процестерді дамыту: зейін, есте сақтау, қабылдау, шығармашылық, қиялдау, ойлаудың өзгермелілігі; - психикалық әрекеттердің әдістерін (анализ, синтез, салыстыру, жалпылау, модельдеу, құрастыру, себеп-салдар байланысын орнату) үйрету. Күтілетін нәтиже: өзінің іс-әрекетін алдын-ала жоспарлай алады және өз іс- әрекетінде пайдаланады.
Музыка	-дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді 2–3 жақын

		үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету - аспаптық музыкаға деген қызығушылықтарын арттыру, музыканың табиғатын ажырата білу қабілеттерін дамыту; - Қазақстан композиторларының өмірі мен шығармашылығы туралы білімдерін қалыптастыру. - балаларды кернеусіз, жеңіл дыбыспен, бірқалыпты мәнерлі ән айтуға үйрету. Күтілетін нәтиже: музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды орындай алады.
--	--	--

Топ/сынып: Мектепалды 0

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы 2024-2025 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ҚАЗАН	Дене шынықтыру	-денені дұрыс ұстау дағдыларын бекіту; -балаларға жүгіру және секіру жаттығулары алмастыра орындай алуға жаттықтыру қасиеттерін қалыптастыру; -балалар арасындағы достық қарым-қатынасты орнатуға және ұжымның ұйымшыл болуына жағдай жасау; -баланы сезіну (сенсорлы) үдерістері арқылы және қимыл- қозғалыстарын үнемі толықтырып отырып дамытуға жағдай жасау. Күтілетін нәтиже: тепе-теңдіктерін сақтап жүруге жаттықтыру кезінде дене бітімін дұрыс ұстау керектігін түсінеді.
	Сөйлеуді дамыту	-кейбір дауыссыз дыбыстардың айтылуындағы ұқсастықтармен айырмашылықтарды ажырата білуге баулу; -мазмұны бойынша әңгімелесуге үйрету; балалардың өз сөзімен суреттеп, сөйлей білу қабілеттерін дамыту; -еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: суретке қарап әңгіме құрайды; көп сөздерді жалпылама сөзбен айтады.
	Көркем әдебиет	-әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді теңеулерді қолдану, көңіл күймен азмұндауға үйрету; -әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру, сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін және ойлау қабілеттерін дамыту; -әңгімелеуде сюжеттік бірізділікті сақтап, мазмұндауға еңбекті бағалауға тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: әңгімелеу барысында кейіпкерлерді атайды; әңгіменің мазмұнын түсінеді.
	Қазақ тілі	-қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді ітүсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету; -сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру; -тілдік және артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтиже: күнделікті өмірде қолданып жүрген сөздерден сөйлем құрай алады.
	Сауат ашу негіздері	-сөздерді буынға бөлу, буын санын ажырата алуға жаттықтыру; -дидактикалық ойындар арқылы буындардан сөз құрай алу дағдыларын дамыту; -шығармашылықпен жұмыс істеуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсінеді.
	Математика негіздері	-балаларды қағаз парағының бетінде бағдарлау (жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта);

	жад пен кеңістіктік ойлауды дамыту білігін қалыптастыру; -есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтиже: заттарды салыстырады, заттардың өлшемін сипаттайтын сөздерді айтады: үлкен, кішкентай, орташа, негізгі түстерді атауды; сипаттамаларына сәйкес жіктеуді білу.
Қоршаған ортамен таныстыру	-күзгі табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырата білуге үйрету; -балалардың табиғатқа қатысты қарапайым білімдерін күшейтіп, табиғатпен қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру; -баланың тұлғалық қасиеттерін дамыту. Күтілетін нәтиже: мезгілінің белгілерін атап көрсетеді; себеп-салдар байланысын түсінеді; өсімдіктер мен жануарлар әлемінің өздері тіршілік ететін ортамен байланысын біледі.
Сурет салу	-мазмұнды сурет салудағы сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіру тәсілін үйрету; қылқаламмен және бояумен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру; -ұқыпты жұмыс істеуге үйрету, тиянақтылыққа тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: қағаз бетіндегі кеңістікті дұрыс қолданады, жұмыс жасауда ұқыптылық пен тазалықты сақтайды.
Мүсіндеу	-геометриялық фигураларды қияр, қызылша, сәбіз, т.б. көгөністер пішініне келтіру арқылы мүсіндеу; -қолдың ұсақ моторикасын, ойлау қабілеттерін дамыту; -адамгершілік, эстетикалық тәрбие беру. Күтілетін нәтиже: әртүрлі тәсілдерді пайдалана отырып көгөністерді мүсіндейді.
Жапсыру	-қағаз бетіне бейнені дұрыс орналастыра білу машығына баулу; -шығармашылық қабілеттерін дамыту; -табиғатты сүюге, әсемдікке тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: дайын үлгіні қиып, ретімен жапсыра алады.
Құрастыру	-құрылыс материалдарынан ұшақты құрастыра білуге үйрету; -ұшақты құрастыруда оның негізгі бөлігі мен ұсақ бөлшектерін ажырата алу және балалардың ой-қиялын дамыту; -өзінің іс-әрекетін алдын ала жоспарлау дағдыларын қалыптастыру, батылдыққа, ерлікке тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: ұшақты құрастыруда оның негізгі бөлігі мен ұсақ бөлшектерін ажыратуды біледі.
Музыка	-әннің ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату; -музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру, музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту; -ойын арқылы балаларды достыққа, бірлікке тәрбиелеу.

		Күтілетін нәтиже: пластикалық, ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды.
--	--	--

Білім беру ұйымы: «Мәдениет ауылының ЖОББМ»КММ
Топ/сынып:Мектепалды 0

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қараша айы 2024-2025 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ҚАРАША	Дене шынықтыру	- дене қимыл жаттығуларын төзімділік пен жаттыққандықты арттыру үшін біртіндеп көбейте отырып орындауға дағдыландыру. - жетекшінің белгісі бойынша жүруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастыруға, алға жүріп келе жатып бір-біріне доп лақтыруға жаттықтыру. Күтілетін нәтиже: баяу жүгіру дағдыларын, негізгі қимыл-қозғалыс жаттығуларын, қолды сермеу мен аяқпен итерілу күшін мөлшерлеуді, кеңістікті бағдарлау біліктілігіне ие.
	Сөйлеуді дамыту	- сөздерді буынға бөлуді үйрету; - сөздерді дұрыс, анық айтқызу арқылы сөйлеу тілдерін дамыту; - көркем шығармаларды сахналауға үйрету. - балаларды ертегіні рөлдерге бөліп сахналату арқылы әртістік қабілеттерін дамыту. Күтілетін нәтиже: сөз ойлап айтады, ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, ертегі мазмұнын түсінеді.
	Көркем әдебиет	- ертегі мазмұнын эмоциялық, бейнелі қабылдауға, баяндауда бейнелеуіш сөздерді қолдануға, ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау арқылы қисынды мазмұндауға үйрету; - ертегі мазмұнында қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және ойлау орта, қабілеттерін дамыту; - адал дос болуға тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, ертегінің ерекшеліктеріне көңіл бөледі.
	Қазақ тілі	- қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. - сөздерді байланыстырып, сөйлемдер құрауды дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білуде дағдыларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету. - қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Сұраққа толық жауап бере алу дағдыларын және артикуляциялық аппаратты дамыту. Күтілетін нәтиже: сөздерді байланыстырып, сөйлемдер құрай алады.
	Сауат ашу негіздері	- дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру; - берілген дыбысқа сөз құрай алу дағдыларын бекіту және графикалық жұмысты орындау кезінде жаза білу қабілеттерін дамыту; - тиянақты және мұқият болуға тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: дауысты дыбыстардың жуан және жіңішке, дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң, үнді болып бөлінетінін түсінеді.

Математика негіздері	-топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылау; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауға үйрету; 10-ға дейін санауды; заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту; -есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Күтілетін нәтиже: 10 санын, ретімен, тура және кері санауды. Логикаға арналған ойын тапсырмаларын орындауды білу.
Қоршаған ортамен таныстыру	-қыста жылы жаққа ұшып кететін жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың атын атап, бір-бірінен айыра білуге үйрету; құстардың пайдасы туралы түсініктерін нығайту; -табиғатқа қатысты қарапайым ғылыми түсінікті дамыту; заттарды салыстыру арқылы талдау қасиетін дамыту; -табиғатқа қамқорлықпен, жанашырлықпен қарауға үйрету. Этикалық және эстетикалық сезімдерін қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: құстардың атауларын біледі; қыстап қалатын құстар мен жылы жаққа ұшып кететін құстардың арасындағы айырмашылықты түсінеді; құстардың пайдасын жақсы біледі.
Сурет салу	-балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, заттың пішіндері туралы білімдерін жетілдіру, тостаған туралы білімдерін бекіту. -кылқаламды пайдалана отырып затты безендіруде түстерді ажырата білу қабілеттерін дамыту; -заттың көлеміне, пішініне сәйкес өрнектерді дұрыс орналастыра білу іскерліктерін дамыту; -түрлі өлшемдегі өрнекті элементтерді үйлестіру, жұмысты уақытымен нұсқау бойынша орындауға тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: кылқаламмен, бояумен жұмыс істеу дағдылары мен біліктерін одан әрі қолданып, жетілдіруді.
Мүсіндеу	-маусымдық өзгерістер туралы білімін кеңейту; -балалардың қиялын, ойлау қабілетін дамыту; -еңбекқорлыққа, ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: өзіне және өзгенің еңбегіне баға беруді.
Жапсыру	-архитектуралық бөлшектер туралы түсініктерін кеңейте отырып, әр бөлікті өз орнына ұқыптылықпен жапсыру қабілеттерін дамыту; -балалардың үй туралы, оның түрлері туралы ой-қиялдарын жетілдіру. Күтілетін нәтиже: көп қабатты және бір қабатты үйлерді біледі.
Құрастыру	-табиғи материалдардың түрлерімен таныстыру және олардан жәндіктерді құрастыруды үйрету; -кепкен жапырақтардың пішініне сәйкес әртүрлі ұсақ заттар дайындау, шығармашылық қабілеттерін дамыту; -киндер қауашақтарынан аңдардың бейнесін жасай білуге үйрету; -қалдық заттармен жұмыс жасауда шығармашылық ойлауды дамыту;

		-сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту. Күтілетін нәтиже: табиғи материалдардың түрлерімен танысады және олардан жәндіктерді құрастыра алады.
	Музыка	-шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату; -мерекелік әннің шаттық көңілін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту; -әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Музыкалық аспаптарда ойнауға үйрету. Күтілетін нәтиже: музыкаға сәйкес қимылдар және би қимылдарының элементтерін орындайды.

Білім беру ұйымы: «Мәдениет ауылының ЖОББМ»КММ

Топ/сынып:Мектепалды 0

Балалардың жасы:5-6жас

Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан айы 2024-2025 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ЖЕЛТОҚСАН	Дене шынықтыру	-нақты қимыл-қозғалыс жасай білу қабілеттерін қалыптастыруды жалғастыру, анализатор орталықтарын белсендіруге мүмкіндік жасау. -балаларды шаңғымен жүрумен таныстыру, қозғалысқа дұрыс бастама болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуді үйрету; -дене қимыл жаттығуларын төзімділік пен жаттыққандықты арттыру үшін біртіндеп көбейте отырып орындауға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: қолды еркін қозғап, бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруді және достық, сыйластық секілді адамгершілік қасиеттерді қолданады.
	Сөйлеуді дамыту	-балаларға дыбыстық талдау жасауды үйрету; -балалардың сөздік қорын дамыту; -дыбыстарды дұрыс дыбыстауға үйрету. Күтілетін нәтиже: сөздерге дыбыстық талдау жасай алады.
	Көркем әдебиет	-әңгімені эмоциялық-бейнелік мазмұндап, баяндауға баулу; -әңгімені жалғастырып, сюжет бойынша құрастыруға, қисынды мазмұндауға үйрету; -әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру; -сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін, еңбек дағдыларын дамыту; -еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: сюжетті сурет бойынша ертегі мазмұнын шығармашылықпен құрастыра алады, жұмбақтың шешімін айта алады.
	Қазақ тілі	-сыпайылықты білдіретін сөздермен сөздік қорларын толықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру; -қарапайым сұрақтарға жай сөйлем мен жауап беру, артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрысайтуға жаттықтыру. Күтілетін нәтиже: қарапайым сұрақтарды түсінеді, жауап береді.
	Сауат ашу негіздері	-сөздерді буынға бөлуді жалғастыру, берілген буынға сөз құрауды үйрету; -дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекітуге арналған тапсырмаларды орындату арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; -дербес жұмыс істей алуға тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: сөздерді буынға бөлуді, дыбыстарды ажырата алады.
	Математика негіздері	-көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді шығару; цифр мен таңбаларды пайдаланып жазбалар жасау; санау білігін бекіту, кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау;

		-талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Күтілетін нәтиже: санап, салыстыру білігін қолдана алады.
	Қоршаған ортамен таныстыру	-жануарлардың (аңдардың) қоршаған ортадағы өзгерістерге бейімделуі туралы түсінік қалыптастыру; -логикалық ойлау, талқылау, салыстыру, пікір білдіру қабілеттерін дамыту; -табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, оның сұлулығын қабылдап, терең түйсінуге, жануарлар мен өсімдікке қамқорлықпен қарай білуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: жанды және жансыз табиғат нысандарына қатысты дұрыс көзқарас пен мінезқұлық танытады, үйренген дағдыларын өмірлік тәжірибеде қолдана алады.
	Сурет салу	-балалардың қоршаған ортадан алған әсерлерін көрсете білуге үйрету, Қазақстанның кең байтақ екенін түсіндіріп, білімдерін кеңейту; -балалардың туған жердің көрінісін қағазға түсіре білудегі шығармашылық ойлауын дамыту; - балаларды қазақтың қонақжайлылығымен таныстыру; -дастарқанды әшекейлеу арқылы көркемдік талғамын қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: табиғат құбылыстары жайлы түсініктері кеңейіп, жаңбырлы күннің ерекшеліктерін біледі.
	Мүсіндеу	-ыдыстың шығу тарихымен, ыдысты жасайтын материал түрімен (тас, әйнек, ағаш, металл, қыш, пластик)таныстыру; -белсенділігін, шығармашылығын дамыту; -тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: табиғи материалдарды пайдалана отырып, оны өз ойларынан әшекейлей білуді.
	Жапсыру	-ойлау қабілеттерін , қиялын дамыту. -бұрынғы үйренген әдіс-тәсілдерді өз еріктерімен қолдана білу дағдыларын қалыптастыру; -ұсақ қол қимылдарын, ойлау қабілетін дамыту ; -ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: қағазды ұсақтап жыртып арқылы жұмыс жасай алады.
	Құрастыру	-табиғи материалдардан әртүрлі орман мекендеушілерін жасай білуге үйрету; -табиғи материалдарды пайдаланып әртүрлі бейнелер жасай білу, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту; -ұжымдық жұмыс жасау арқылы мазмұнды құрастыруға қозғау салу, шығармашылық ойлауды және қиялдауды дамыту; - ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: табиғи материалдардан әртүрлі орман мекендеушілерін жасай алады.
	Музыка	-музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту; -әннің сипатын қабылдау дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын

		дәл беру; -әуеннің ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке немесе кішігірім топпен ойнау. Күтілетін нәтиже: шығарманың дыбысталуын тембрі бойынша ажыратады, әндерді орындайды.
--	--	--

Білім беру ұйымы: «Мәдениет ауылының ЖОББМ»КММ

Топ/сынып:Мектепалды 0

Балалардың жасы:5-6жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар айы 2024-2025 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ҚАҢТАР	Дене шынықтыру	-балаларға бір орнында тұрып секіру жаттығуларымен таныстыру.Қауіпсіз ережелерді сақтай білуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: эстафеталарда қауіпсіздік ережелерін сақтау керектігі, командалармен қимыл кезінде тепе-теңдік сақтай білудің маңызы мен жауапкершілігі, өз әрекеттерін басқа ойыншылардың әрекеттерімен үйлестіру, жолақтан-жолаққа секіре біледі.
	Сөйлеуді дамыту	-сөйлем түрлері бойынша алған білімдерін пысықтау; -әңгімеге тақырып қоя білуге үйрету; -үлкендерді сыйлауға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: көп сөздің жалпылау сөзін, зерек бала атануға тырысады.
	Көркем әдебиет	-өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен, көтеріңкі көңіл күймен жатқа айтуға үйрету; -балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын беруге, тілдік бейнелілігін сезінуге, өзара қарым-қатынасын дамыту. Күтілетін нәтиже: өлең мазмұнына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды, мәнерлеп жатқа айтады. Сұрақтарға жауап беріп, өз ойымен бөліседі.
	Қазақ тілі	-сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ретін сақтай отырып сөйлем құрауға жаттығуды жалғастыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. -қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту; -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Күтілетін нәтиже: жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады.
	Сауат ашу негіздері	-сөздерге дыбыстық талдау жасату үйрету; -суреттер қандай дыбыстан басталатынын ауызша анықтауға үйрету, белгілермен қоршату, жасалу жолдарын естеріне түсіру дағдыларын бекіту; -дұрыс отыру, дұрыс жазу ережелерін таныстыра отырып, дене сымбатын дұрыс қалыптастыруға тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: сөздің құрамында дауысты, дауыссыз дыбыстар болатынын түсінеді, сызбаға сәйкес сөзді анықтай алады.
	Математика негіздері	-геометриялық денелерді тануды және атауды бекіту, заттардың белгілерін, салыстыру, ұқсастығы мен айырмашылығын табуды; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға үйрету; -зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау;

	-графикалық диктантты орындауға үйрету; -кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Күтілетін нәтиже: өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау арқылы заттардың топтарын салыстыру тәсіліне ие.
Қоршаған ортамен таныстыру	-балалардың үйде асырайтын жануарлар туралы түсініктерін кеңейту; -олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайлар туралы түсініктерін нығайту; -балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. Табиғатпен адамгершілік қарымқатынаста болуға үйрету. Күтілетін нәтиже: жануарлардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды атап береді; жануарлардың бәрінің тірі ағзаға жататынын түсінеді.
Сурет салу	- қазақ оюларының көптүрлілігі туралы түсініктерін кеңейту, балаларға қоржынды салу техникасы мен оны әшекейлеу ерекшеліктері туралы білім беру; -жұмысты ұқыпты, көркемдік талғаммен жасауға тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: әшекейлеу ретін сақтай отырып, жұмысты орындау барысында ұқыптылық пен жинақылықты үнемі сақтап, қолданады.
Мүсіндеу	-ұлттық ыдыстардың ерекшеліктеріне назар аудара отырып, оны мүсіндеудің әдіс-тәсілдерімен таныстыру; -ойын арқылы балалардың қимыл- қозғалыстарын, көркемдік талғамдарын дамыту; -балаларды ауызбірлікке, ұлттық дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: ыдыстың пішініне қарай мүсіндеуді.
Жапсыру	-бүктелген қағаздан симметриялы пішінді қия білуді жалғастыру; -шығармашылық қасиеттерін дамыту; -қол қимылдарын жаттықтыру; -өнерді бағалай білуге, өнерлі болуға талпынуға ықпал ету. Күтілетін нәтиже: үйлестіре отырып жапсыруды біледі.
Құрастыру	-құрылыс материалдары мен «Лего» конструкторларды пайдалана отырып көлік түрлерін құрастыруға үйрету; -бірнеше бөліктен тұратын заттарды құрастыру, олардың бөлшектерін берік орнату және шығармашылық ойлауды дамыту; -берілген тақырыпқа сурет, фотосуреттер бойынша құрылыс салу оны сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту. Өзі жасаған құрылысын талдау негізінде шешімдер табу, оларды құру кезеңдерін жоспарлау, еңбек нәтижесіне жете білуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: құрылыс материалдары мен «Лего» конструкторларды пайдалана отырып көлік түрлерін құрастыра алады.
Музыка	-музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру, шығарманы сипаттай білу;

		-жеңіл әуендерді ансамбльмен, балаларға арналған музыкалық аспаптарда, фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнау; -үлкенге ілтипат, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: дауыстардың биіктіктерін ажыратып, жоғары-төменгі қозғалысын ажыратады, ән орындайды.
--	--	--

Білім беру ұйымы: «Мәдениет ауылының ЖОББМ»КММ

Топ/сынып: Мектепалды 0

Балалардың жасы: 5-6жас

Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан айы 2024-2025 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
АҚПАН	Дене шынықтыру	-сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүреді, заттардан бір қырымен аттап жүруді дамыту; -ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, заттардың арасымен, жіптерден аттап жүреді; -сапқа тұрып, төмен ұстаған екі қолмен допты бір – біріне лақтыру жаттығуын жасай алуға жаттықтыру; -қапшықты арқаға қойып, еңбектеп өту. Қапшықты төбеге қойып, гимнастикалық орындық үстімен жүріп өтуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: зал кеңістігін бағдарлап, сапқа қайта тұру. Допты жоғары лақтырып, қолды шапалақтап, допты қағып алу, биік заттың үстінде статикалық тепе-теңдіктерін сақтай білу шеберліктерін біледі.
	Сөйлеуді дамыту	-ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру. -баланың сөйлеу және тыңдай білу, сұраққа жауап беру қабілеттерін дамыту. -балаларды батырлыққа, өжеттілікке тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: дыбыстарға сөз ойлан айтады, ертегіні драмалайды.
	Көркем әдебиет	-шығармалардың эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу. - коммуникативті дағдылар мен дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдау және тыңдау, диалог жүргізуге, өз ұстанымын білдіруге дайын болу. Күтілетін нәтиже:әңгімені сюжет бойынша шығармашылықпен айтады, әңгіменің соңын ойдан шығарып аяқтайды.
	Қазақ тілі	-сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, мақал-мәтел, жұмбақ жаттау дағдыларын қалыптастыру; -қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білу және оларды қолдана білу дағдыларын дамыту.Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ауызекі сөйлеуіңдерін жетілдіру. Күтілетін нәтиже: сөздерді сөз тіркестерімен айтады, сұраққа сөйлеммен жауап береді.
	Сауат ашу негіздері	-сөйлем сызбасымен таныстырып, 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрауды үйрету; -сөйлем сызбасын құруды үйретіп, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып, берілген буынға сөз құрап, дыбыстық сызба бойынша сөз құрай алу дағдыларын бекіту; -басталған жұмысты аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: сөйлем құрайды, сөздерге дыбыстық талдау жасайды,сөйлемдегі сөздердің белгілі бір ретпен тұратынын түсінеді.
	Математика негіздері	-балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. Заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтау; -логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Күтілетін нәтиже: қоршаған ортада бағдарлана алуды; орналасуының сипаттамасы бойынша белгілі бір затты таба алуды; санауды, санды цифрмен белгілеуді қолдана алады.

Қоршаған ортамен таныстыру	-балалардың «адам, жануар және өсімдіктер үшін тіршілік көзі – ауа» деген түсініктерін кеңейту; -тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмыстарға деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту; -балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. Табиғатпен адамгершілік қарымқатынаста болуға үйрету. Күтілетін нәтиже: тәжірибеалдық жұмыстар жасау қабілеттерін пайдалана алады.
Сурет салу	-қазақ халқының тұрмысы, еңбегі, ұлттық киімдер туралы ұғымдарын бекіту; -балалардың шығармашылық қабілетін дамыту; -балаларды бір-біріне дұрыс қарым-қатынас жасауға, адамгершілік, ізгілік қасиеттерге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: қылқаламмен сурет салу техникасын сақтай отырып, құмыра суретін салады; қазақтың үй тұрмысында қолданған заттары туралы түсінігі кеңейеді;
Мүсіндеу	-торсықты әртүрлі әдіс-тәсілдермен безендіру; торсықтың пішініне сәйкес ою-өрнектерді шығармашылық пентаңдап, әшекейлеу жолдарын түсіндіру; -ұсақ қол қимылдарын дамыту, көру арқылым үсіндей білу іскерліктерін қалыптастыру; -ұлттық бұйымға деген қызығушылықтарын ояту, өнерді сүйеге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: өрнектің түрін ермексизден жасауды біледі.
Жапсыру	-жіңішке бөліктердің киюдың жолдарын меңгерте отырып кию шеберліктерін шыңдау; -шығармашылық қабілеттерін дамыту, бірлесіп еңбек етуге, қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: үшбұрыштарды құрастырады; жұмыс жасағанда қауіпсіздік ережесін сақтай алады.
Құрастыру	-қалдық материалдармен заттар құрастыра білуге үйрету; -қалдық материалдарды мақсатты түрде пайдалана білуді бекіту; -қағаздан цилиндр пішіндер жасау арқылы күшікті бейнелей білуге үйрету; -қағазбен көлемді пішіндер жасауда композицияға біріктіру, ойлау қабілеттерін дамыту; -шығармашылық қиялды дамыту, үй жануарларына қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: қағаздан цилиндр пішіндер жасау арқылы күшікті бейнелей біледі.
Музыка	-лирикалық байсалды әуендерді қабылдап, қарқындық өзгерісін белгілеу. Фортепианонның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен ән айту; -жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианонның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнауды дамыту; -балаларды ептілікке, жинақылыққа тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: шығарманы тыңдайды, сипаттайды; дауысқа күш түсірмей ән орындай алады.

Білім беру ұйымы: «Мәдениет ауылының ЖОББМ»КММ

Топ/сынып:Мектепалды 0

Балалардың жасы:5-6жас

Жоспардың құрылу кезеңі: наурыз айы 2024-2025 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
-----	-----------------	---

	іс-әрекет	
НАУРЫЗ	Дене шынықтыру	-баланы сезіну (сенсорлы) үдерістері арқылы және қимыл- қозғалыстарын үнемі толықтырып отырып дамытуға жағдай жасау; -түзу жүріп, допты бір қолмен соғып жүруге жаттықтыруды жалғастыру, допты соға білу шеберліктерін (машықтарын) бекіту. ә) Айналып тұрған арқанның астымен түрлітәсілмен жүгіріп өтуге жаттықтыру; -айналып тұрған арқан астымен шапшаң өтіпкету сапасын дамыту. Күтілетін нәтиже: күш, ептілік секілді дене сапаларын және коммуникативтік құзыреттіліктерін;ұжым болып бірлесіп тапсырмаларды орындау дағдыларын және мейірімділік пен тәртіптілік нормаларын қолдана алады.
	Сөйлеуді дамыту	-Наурыз мерекесі туралы түсінік беру; -балалардың ойлау қабілетін дамыту; -салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: жұмбақ айтысқа , жұмбақ айтыспен жауап береді, өз ойларыннан шығармашылық әңгіме құрайды.
	Көркем әдебиет	-өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету.; -қазақтың ұлттық тағамдары туралы білімін кеңейту; сюжет желісінің реттілігін сақтап айтуға дағдыландыру; -ұлттық салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бере алады.Салт-дәстүр, мәдениет туралы түсінеді.
	Қазақ тілі	-сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу, өз ойларын дұрыс жеткізе білу дағдыларын және сөйлеу мәдениетін дамыту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініпжәне күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету; -сөздік қорларын, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтуды дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Күтілетін нәтиже: тапсырмаларды орындайды, таныс сөздерді айтады.
	Сауат ашу негіздері	-сөздерді буынға бөлуге, дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату арқылы сөздерді дұрыс айту машықтарын қалыптастыру; -ойындар арқылы логикалық ойлауларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту; -ұжым болып тапсырмаларды орындату арқылы ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: буындардан сөз құрайды, дыбыстық талдау жасай алады.
	Математика негіздері	-салмағына қарай заттарды салыстыруға үйрету, таразыда жатқан ауыр затты анықтауға үйрету; таразыны теңестіру үшін «тағы зат (заттар) салу керек немесе таразы табақшасынан заттарды алу керек» деген ұғыммен таныстыру. Санау білігін, суретке қарап мысалдар құрастыру, оны шығару

	дағдыларын бекіту; -талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын дамыту; қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -дербестікке баулу. Күтілетін нәтиже: таразыны теңестіру үшін тағы зат (заттар) салу керек немесе таразы табақшасынан заттарды алу керектігін; өлшеу техникасын меңгере алады.
Қоршаған ортамен таныстыру	-балалардың Қазақстан Қызыл кітабына енгізілген жануарлар мен өсімдіктер туралы түсініктерін нығайту; -тірі нысанды суреттеу қабілетін, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту; -туған өлкені сүюге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген жануарлар мен өсімдіктердің кейбір түрлерін атап береді.
Сурет салу	- балалардың қоршаған ортадан алған әсерлерін көрете білуге үйрету, Қазақстанның кең байтақ екенін түсіндіріп, білімдерін кеңейту; - қылқаламмен және бояумен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру; -ұқыпты жұмыс істеуге үйрету, тиянақтылыққа тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: туған жердің кең-байтақ екенін, өз елінің әсем жерлері мен ерекшеліктері туралы түсініктері кеңейеді.
Мүсіндеу	-балалардың ой-қиялын, эстетикалық талғамдарын дамыту; -Отанын, елін, жерін сүюге, адалдыққа, батылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: өрнектерді безендіруде кескішпен, қалақшаны дұрыспай даланады.
Жапсыру	-жіңішке бөліктердің қиюдың жолдарын меңгерте отырып қию шеберліктерін шыңдау; -шығармашылық қабілеттерін дамыту, бірлесіп еңбек етуге, қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: сюжетті суретті ұжым болып жасауды түсінеді.
Құрастыру	-табиғи материалдарды пайдаланып әртүрлі бейнелер жасай білу, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту; -ұжымдық жұмыс жасау арқылы мазмұнды құрастыруға қозғау салу, шығармашылық ойлауды және қиялдауды дамыту; - ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: табиғи материалдарды пайдаланып әртүрлі бейнелер жасай біледі.
Музыка	-музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру; -қолмен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату. Күтілетін нәтиже: қолмен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырата алады.

Білім беру ұйымы: «Мәдениет ауылының ЖОББМ»КММ

Топ/сынып:Мектепалды 0

Балалардың жасы:5-6жас

Жоспардың құрылу кезеңі: сәуір айы 2024-2025 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
○ ☞ ➤	Дене шынықтыру	-мидың табиғи механизмдерінің жұмысын белсендендіруге, зейіндерін тұрақтандыруға ықпал

	ету. Қысқа секіртпеден секіруге жаттыға түсу. Қол басының айнала қозғалуы мен аяқтың тігінен қозғалуын жалғастыру.; -доптылақтыру мен жерге соғылған соң арт жақтан шапалақ ұрып қағып алу, допты қаққанда алақанын жазып, саусақ басымен қағу, бұраландап жерге қойылған бауды басып, тепе-теңдік сақтау дағдыларын арттыру. Күтілетін нәтиже: шапшаңдық секілді дене сапасын және кез келген іс-әрекетті ақылға салып, талдап шеше білу машықтарына ие.
Сөйлеуді дамыту	-өлең арқылы тыңдата отырып, бала қиялын дамыту; -есте сақтау, танымдық қабілеттерін, байқағыштығын дамыту; -еңбекүйгіштікке тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: өлең жолдарын мәнерлеп айтуды қолданады.
Көркем әдебиет	-ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту; -табиғат өзгерістерін сезіне білуге баулу. -табиғатты қастерлеп, қорғауға тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: әңгіменің мазмұнын сақтай отырып, айтып бере алады. Еңбек туралы сөзді есіне сақтайды.
Қазақ тілі	-қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Ауызекі сөйлеу белсенділігін арттыру; -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ажырата білу дағдысын дамыту. Күтілетін нәтиже: ұжымдық ойында бір біріне көмектесу керек екенін түсінеді; сөздерді сөз тіркестерімен айтады, сұраққа сөйлеммен жауап береді.
Сауат ашу негіздері	-берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру. -«Кері іс-әрекетті айт» ойыны арқылы сөйлем құрату арқылы шығармашылықпен ойлауларын дамыту; -білімпаз болуға тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: сөздерге дыбыстық талдау жасайды, буынға бөледі, сөйлем құрайды, сөйлем сызбасын сызады.
Математика негіздері	-заттарды таразыға салмағы бойынша салыстыруға болатындығы туралы түсінікті бекіту. Таразының қай табағында ауыр зат жатқанын анықтауға (төмен түскен табақта), таразыны теңестіру үшін тағы зат (заттар) салу керек немесе таразы табақшасынан заттарды алу керектігін үйрету; графикалық диктантты орындау, қағаз бетінде бағдарлау, 10 көлемінде санау, заттардың санын цифрмен белгілеу біліктілігін бекіту; -зейін, жад, сөйлеу және қолдың моторикасын дамыту. Күтілетін нәтиже: геометриялық пішіндерді атауды және ажырата білуді; сурет бойынша есептер шығаруды. Үзік сызықтармен сызуды және бояуды, графикалық диктантты орындау

		мүмкіндікке ие.
Қоршаған ортамен таныстыру		-табиғат аясында өз-өзін ұстау тәртібімен таныстыру. Балалардың назарын қоршаған орта проблемаларына аудару; -балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру; -қатар құрбыларымен және ересектермен өзара қарым-қатынас жасай білуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: табиғат аясындағы мінез-құлық ережелерін біледі; адамның іс-әрекеті мен табиғаттың арасындағы байланысты түсінеді.
Сурет салу		-балалардың көктемгі құбылыстар туралы білімдерін бекіту; -көктемнің шуақты бейнесін көре білуге, қағаз бетіне түсіре білуге дағдыландыру; -жұмысты талғаммен орындауға тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: көргендерін сурет салу ұйымдастырылған оқу қызметінде қағаз бетіне түсіре алады.
Мүсіндеу		-гүлдердің түр-түстерін ажырата білуге баулу; өсімдіктерді күту ережелерімен таныстыру; -қолдың қимылын, сөздік қорын, тілін дамыту; -эстетикалық талғамдарын қалыптастыру, табиғатты аялай білуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: гүлдің адамға жақсы көңіл күй сыйлайтынын, бекерге жұлмау керектігін түсінеді.
Жапсыру		-қағаздарды түр-түсіне қарай іріктеп алу, пішіндерді қағаз бетіне дұрыс орналастыра білу дағдыларын қалыптастыру, саусақ қозғалыстарын жетілдіру; -қайшымен жұмыс істеу кемділігін арттыру; қуана білуге, достарына, айналасындағыларға қуаныш сыйлай білуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: затқа қарап жапсыру дағдысына ие.
Құрастыру		-өз құрылысын талдай білуді бекіту, талдау негізінде құрылымдық шешімдер табу, оларды құру кезеңдерін жоспарлай білуге үйрету; -құрылыс материалдарымен құрастыруда ұжымдық мазмұнды құрастыруға қозғау салу, шығармашылық ойлауды және қиялдауды дамыту. Күтілетін нәтиже: құрылыс материалдарымен құрастыруда ұжымдық жұмыс жасауды біледі.
Музыка		-музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту. Дағдыларды қалыптастыру: бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындау; -жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнау; -анаға сүйіспеншілігін арттыру, анаға қамқор болуға, құрметтеуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: ән айту дағдыларын, ережелерін біледі.

--	--	--

Білім беру ұйымы: «Мәдениет ауылының ЖОББМ»КММ

Топ/сынып:Мектепалды 0

Балалардың жасы:5-6жас

Жоспардың құрылу кезеңі: мамыр айы 2024-2025 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
≥ < ≥	Дене шынықтыру	-жыл бойы жасап үйренген жаттығуларды ұқыптылықпен,шапшаңдылықпен орындай білуді

	қалыптастыру. Дене жаттығуларын үнемі орындай білуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: мектептің және нәтижелі білім алуда денсаулықтың маңызын, жаттығудың орындалу тәсілі мен орындалу сапасының арасындағы байланыс, балалардың қозғалыс тәжірибесін спорттық ойын элементтеріне еркін қатыса алады.
Сөйлеуді дамыту	-«Жаздың кезі көңілді» тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастырту. -сұрақтарға жауап беру арқылы сөздік қорларын толықтыру. Күтілетін нәтиже: сурет жанрлары туралы мәліметті; бір-біріне жылы лебіз сияйды, суретке қарап әңгіме құрастыра алады.
Көркем әдебиет	-сахналық қойылымдарға қатысуға ынталандыру; -сөздік қорын байытуды жалғастыру; -аңғарымпаздыққа, сақтыққа тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: әңгімені сюжет бойынша шығармашылықпен айтады, әңгіменің соңын ойдан шығарып аяқтайды. Жұмбақтың шешімін айта алады.
Қазақ тілі	-қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Ауызекі сөйлеу белсенділігін арттыру; -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ажырата білу дағдысын дамыту. Күтілетін нәтиже: өткен тақырыптар бойынша сөздерді қайталайды, сұрақты тыңдап, толық жауап беру керек екенін түсінеді, сөйлем құрауда өздері білетін сөздерді қолданады.
Сауат ашу негіздері	-дыбыс, буын, сөз ұғымдарын бекіту ұзын және қысқа сөздерге мысал келтіруге, дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру; -сөздің сызбасын дұрыс тауып қоса білуге, сөйлем сызбасын сызу секілді дағдыларын бекіту; -бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: дыбыс, буын, сөз, сөйлем сызбаларын ажыратады.
Математика негіздері	-10 көлемінде тура және кері санау, геометриялық пішіндер мен денелер атауын бекіту. Есеп шығару, заттарды салмағы бойынша салыстыру біліктерін бекіту; -талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеу біліктілігін; логикаға арналған ойын тапсырмаларын орындау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Күтілетін нәтиже: 10 көлемінде тура және кері санау, геометриялық пішіндер мен денелер атауын біледі.
Қоршаған ортамен таныстыру	-жобалық жұмыстар арқылы балалардың танымдық қызметін жандандыру. Олардың қабілеттері мен дағдысын бекіту; -тәжірибелік жұмыстарға деген қызығушылығын арттыру, бақылау нәтижелерін салыстырып, талдау және қорытынды жасау қабілетін дамыту; -зерттеушілік және экологиялық сана-сезімін жетілдіру. Күтілетін нәтиже: табиғатты аялаудың маңыздылығын; жоба жасай біледі; бақылау, эксперимент арқылы себеп-салдар байланысын анықтай алады.
Сурет салу	-ауыл мен қала ерекшеліктері, құндылықтары туралы білімдерін бекіту, алған әсерлерін көрсете

	білуге үйрету; -кешкі қала көрінісін сезіне отырып, қағаз бетіне дұрыс орналастыруды үйрету; -жұмысты талғаммен орындауға тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: күн тәртібін сақтаудың қажеттілігін, адам организмі дұрыс қалыптасып өсуі үшін жаттығу жасау керектігін түсінеді.
Мүсіндеу	-еңбек үрдісі арқылы бала қиялын жетілдіру; -қол-қимыл әрекеттерінің қозғалғыштығын, үйлесімділігін дамыту; -ұқыптылыққа, әсемдікке тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: мүсіндеу әдіс-тәсілдерін біледі.
Жапсыру	-жіңішке бөліктердің қиюдың жолдарын меңгерте отырып қию шеберліктерін шыңдау; -шығармашылық қабілеттерін дамыту, бірлесіп еңбек етуге, қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: жапсыру жұмысында реттілікті сақтау қажеттігіне ие.
Құрастыру	-бірнеше бөліктен тұратын заттарды құрастыру, олардың бөлшектерін берік орнату және шығармашылық ойлауды дамыту; -берілген тақырыпқа сурет, фотосуреттер бойынша құрылыс салу оны сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту. Өзі жасаған құрылысын талдау негізінде шешімдер табу, оларды құру кезеңдерін жоспарлау, еңбек нәтижесіне жете білуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: бірнеше бөліктен тұратын заттарды құрастыра алады.
Музыка	-музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру; -сезіммен, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып, музыкалық кіріспеден соң бірден бастап ән айту. Күтілетін нәтиже: музыка ырғағына ілесіп би қимылдарын ырғақпен жасайды, әндерді орындайды, опера, балет туралы түсініктерге ие.

2024 - 2025 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ / ЖЫЛДЫҚ/

Білім беру ұйымы: «№25 ЖОББМ»КММ

Топ/сынып: Мектепалды 0 «А» сынып

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы 2024-2025 оқу жылы

Апталық жүктеме 3 сағат, жылдық жүктеме 102 сағат.

Алматы «Алматыкітап баспасы» 2024 ж.

Мақсаты: денсаулық сақтау технологиясын қолданып, тәрбиеленушілердің негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту.

Міндеттері:

балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту;
спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту;
дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту;
дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту;
балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналық-педагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау.

Дене шынықтыру.

Негізгі қимылдар:

Жүру. Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру; ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру; заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүру.

Тепе-теңдікті сақтау. Заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру. Скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру, әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру; гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу.

Жүгіру. Шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру, кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 мин тоқтамай жүгіру; жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру; белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 м) жүгіру.

Еңбектеу, өрмелеу. Жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 м); гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу. Бірнеше заттардан

еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу.

Секіру. бір орында тұрып, алға қарай 3–4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 м) қос аяқпен секіру; қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 м), оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 м), бір орында тұрып биіктікке секіру (6–8 метр); бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (арақашықтығы 40 сантиметр), алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру, оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіру; биіктіктен секіру, 20 см дейінгі биіктіктікке секіру.

Лақтыру, қағып алу, домалату. Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу; 2–2,5 м арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру, допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 м) басынан асыра лақтыру, допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 м) жүргізу, допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 м).

Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру.

Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру.

Жалпы дамытушы жаттығулар.

Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру.

Кеудеге арналған жаттығулар. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею. Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу. Алға қарай еңкейіп, алақанды еденге тигізу; артқы жағынан қолды айқастырып көтеру; қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу. Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею.

Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3–5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды).

Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5–6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5–6 рет).

Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр), аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.

Спорттық жаттығулар

Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлеріментаныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.

Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау; Сырғанау. Өз бетінше мұзды жолмен сырғанау, жүгіріп келіп сырғанау;

Шаңғымен жүру. Бірінің артынан бірі ауыспалы қадаммен алға жылжу, оң және сол аяқтарымен сырғанау. Бір орнында тұрып оңға, солға бұрылу, айналу;

Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу.

Жүзу. Судың таяз жерінде отырып және жатып аяқпен қимылдар жасау (жоғары және төмен). Судың ішінде қолымен алға, артқа жүру (аяғы денесінің деңгейінде созылған). Иек, көз деңгейіне дейін судың ішінде отыру, суға бетін малу, суға үрлеу; суда жүзу.

Судағы аэробика. Бұрылыстар жасай отырып, суда қимылдар жасау.

Спорттық ойындар

Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру.

Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру.

Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.

Хоккей элементтері. Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізу.

Қимылды ойындар.

Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.

Дербес қимыл белсенділігі

Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өзбетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау.

Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен

өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау.

Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шаңғымен жүруге, хоккей ойындарына, шанамен сырғанауға, ал көктем, жаз мезгілдерінде велосипед тебуге, футбол, бадминтон, баскетбол ойындарына жағдай жасау.

Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.

Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.

Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау. Науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу.

Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.

Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру

Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.

Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол - аяқтарын жуу, тіс тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл шүберекпен сүрту. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.

Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау.

Өзіне – өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.

Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.

Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.

Сауықтыру-шынықтыру шаралары

Жергілікті шаралардың температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым су шараларын өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулықтарын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және аяқтың өкшелерін нығайту.

Күтілетін нәтижелер:

- сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүреді, заттардан бір қырымен аттап жүреді;
- ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, заттардың арасымен, жіптерден аттап жүреді;
- жүруде тепе-теңдікті сақтайды;

- әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен тоқтамай жүгіреді;
- белгіленген жерге дейін жылдамдыққа жүгіреді;
- заттардың арасымен төрттағандап еңбектейді;
- әртүрлі тәсілдермен заттардан еңбектеп өтеді;
- бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып, өрмелейді;
- заттардың арасымен секіреді, оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіреді;
- тұрған орнында айналып секіреді;
- допты жоғары, жіптің үстінен лақтырып бір қолымен қағып алады;
- допты еденге бір қолмен ұрып, екі қолмен қағып алады;
- бір қатарға бір-бірден тұра алады, бір орында бұрылады;
- үш қатарға сап түзеп қайта тұра алады;
- музыкамен сүйемелденетін қимылды ойындарда музыкаға сәйкес әртүрлі қарқында қимылдар жасайды;
- қимылды ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық танытады, ойын ережелерін сақтайды;
- ұлттық қимылды ойындар, жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға белсенділікпен қатысады;
- қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруда белсенділік танытады;
- ойындарда физикалық қасиеттерді: жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік көрсетеді;
- төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанай алады;
- өз бетінше мұзды жолмен сырғанайды;
- шаңғымен оңға және солға бұрылады, айналады;
- екі дөңгелекті велосипед, самокат тебеді;
- суда жүзуге тырысады, әртүрлі ойындар ойнайды;
- спорттық ойындар мен жаттығуларда белсенділік танытады;
- гигиеналық шараларды өз бетінше орындайды;
- шынықтыру шараларының маңызы мен қажеттілігін түсінеді;
- гигиеналық шараларды жүргізуде бір-біріне көмектеседі;
- өзіне – өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын біледі;
- салауатты өмір салтының құндылығын түсінеді.

2024 - 2025 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ / ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ/

Р/с №	ҮІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
1	Спортзал. Спортзалда ойнаймыз.	-кеңістікте бағдарлай білу және күш секілді дене қабілеттерін дамыту; -спортқа деген қызығушылықтарын дамыту. -ептілік,шыдамдылық,төзімділік тәрізді дене қабілеттерін дамыту.	1	02.09.2024	
2	Денсаулықтың	-спортпен шұғылдану,салауатты өмір салтына,өз	1	04.09	

	құпиялары.	денсаулығын бағалай білуге баулу.			
3	Күлкі сыйла.	-бала ағзасын төзімді,мықты болуға шынықтыру,омыртқаның қисайып кету қаупінің алдын алу.	1	06.09	
4	Біз күшті және ержүректі.	-салауатты өмір салтын сақтауға баулу.	1	09.09	
5	Мен ойнағанды жақсы көремін.	-кеңістікті бағдарлай білу шеберліктерін дамыту,қозғаушы есте сақтау қабілеттерін дамыту.	1	11.09	
6	Керуен (таза ауада)	-ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру,коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту.	1	13.09	
7	Бадминтон, футбол.	-спорттық іс-әрекеттерге деген қызығушылығы мен олардың денсаулық үшін маңыздылығын саналы түсіну, ұйымдасқандық,мақсаттарына жете білу қасиеттерін қалыптастыру.	1	16.09	
8	Күзгі орманда.	-қозғалыс мәнерлігін,ырғақтылығын дамыту; азаматтық және экологиялық мәдениеттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік жасау.	1	18.09	
9	Ұлттық ойындар (таза ауада)	-ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру,коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту.	1	20.09	
10	Қалай спортшы болуға болады?	-ептілік,өз-өзін бақылай алу дағдыларын дамыту;спортқа деген ынталарын,салауатты өмір сүруге жақсы әдеттерін тәрбиелеу.	1	23.09	
11	Менің сүйікті жануарларым.	-экологиялық мәдениетке,ұйымшылдыққа,психологиялық жайсыздық тудыратын мінез-құлықтарын тәрбиелеу.	1	25.09	
12	Дене қабілеттерін дамыту.	-денені дұрыс ұстау дағдыларын бекіту. Допты оң, сол қолымен жерге соғуға жаттықтыру.	1	27.09	
13	Доппен ойнап, көңіліңді көтер!	-допты асыра лақтыру, кедергілерден еңбектеп өту жаттығулары кеңістік пен ондағы заттарды бағдарлай білу дағдыларын дамыту.	1	30.09	

**2024 - 2025 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ / ҚАЗАН АЙЫ/**

Р/с №	ҮІӨ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
14	Біз әртүрліміз.	-кедергілер арасымен еңбектеп өту жүрісімен жүруге, бір-бірінің артынан еңбектеп жүруге, шеңбер бойында қол ұстасып, шашырап және тоқтамай жүгіруге жаттықтыру. Биіктігі 20 см кедергілерден секіріп өту	1	02.10	
15	Зейінді боламыз.	-денені дұрыс ұстай білу дағдысын қалыптастыру. Түрлі тапсырмаларды орындау арқылы жүру және жүгіру жаттығуларын қайталау. Доппен жаттығулар жасау	1	04.10	

16	Бірінші бол!	-бір сызық бойына қойылған заттар арасында оң және сол аяқпен секіру. Сапқа тұрып, допты екі қолмен бастан асыра бір – біріне лақтыру	1	07.10	
17	Командалық эстафеталар(таза ауада)	-гимнастикалық орындық үстінде тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету. Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру. Доппен жасалатын тепе – теңдік сақтау және секіру жаттығулары	1	09.10	
18	Ерекше сабақтар.	-гимнастикалық орындық үстінде қолды иық пен белге, желке мен басына қойып, жан-жаққа созып, тепе-теңдік сақтап жүруді; кеглиердің арасымен допты басымен итере алға еңбектеуді үйрету.	1	11.10	
19	Акробат болғым келеді.	-заттар арасымен аттап өту жаттығуларын қайталау. Гимнастикалық орындықтың астымен өтуді үйрету.	1	14.10	
20	Ақылдылар.	-допты алып жүру (қашықтық 5 м)жаттығуымен таныстыру. Құрсаудың жоғарғы жиегіне жанаспай, қолдағы доппен құрсау ішіне кіруге жаттықтыру. -гимнастикалық орындық үстінде аяқтың ұшымен жүріп өту жаттығуын жасауға бейімдеу. Кішкене допты бір және екі қолымен алысқа лақтыруды, көлбеу қойылған тақтай үстімен қолды жан-жаққа соза тура жүруді үйрету.	1	16.10	
21-22	Бізбен бірге және бізден артық орында.	-балаларға үздіксіз баяу жүгіру, сапта тұрып, допты асыра лақтыру жаттығулары дұрыс жасауды үйрету. Секіру және жүгіру жаттығулары қайталату.	2	18.10 21.10	
23-24	Біз – болашақ әскерміз!\nБіздің стадион	-заттар арасында кезектестіріп, оң және сол аяқпен секіру жаттығуларын жасай алуға жаттықтыру. -қапшықты төбеге қойып, гимнастикалық орындық үстімен жүріп өтуге тәрбиелеу.	2	23.10	25.10

**2024 - 2025 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ / ҚАРАША АЙЫ/**

Р/с №	ҰІӨ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
25	Менің отбасым.	-кедергілер арқылы жүгіруге жаттықтыру.Доппен жасалатын секіру, жүгіру жаттығулары дұрыс жасай алуға дағдыландыру. -еңкіш тақтай үстінде жүруге жаттықтыра тәрбиелеу. Кілем үстінен секіріп өту. Тізерлеп тұрып, допты екі қолмен бастан асыра бір – біріне лақтыру жаттығуларын жасай алуға жаттықтыру. -балаларға жүгіру және секіру жаттығулары алмастыра орындай алуға жаттықтыру. Қар кесегін алысқа	1	04.11	

		лақтыру жаттығулары.			
26	Менің үйім.	-кедергілер арқылы жүгіруге жаттықтыру.Доппен жасалатын секіру, жүгіру жаттығулары дұрыс жасай алуға дағдыландыру. -еңкіш тақтай үстінде жүруге жаттықтыра тәрбиелеу. Кілем үстінен секіріп өту. Тізерлеп тұрып, допты екі қолмен бастан асыра бір – біріне лақтыру жаттығуларын жасай алуға жаттықтыру. -балаларға жүгіру және секіру жаттығулары алмастыра орындай алуға жаттықтыру. Қар кесегін алысқа лақтыру жаттығулары.	1	06.11	
27	Күшті, батыл және үлкен боламын!	-балаларға ілгері жылжи отырып, аяқтан – аяққа секіруге жаттықтыру.Алақанды соққан соң қағып алған допты екі қолмен жоғары лақтыра алуға тәрбиелеу. Ағаш қадалар арағынан еңбектеп өту жаттығуларын дұрыс орындай алуға жаттықтыру.	1	08.11	
28	Командалық қимыл қозғалыстарды орындау біліктілігін қалыптастыру(таза ауада)	-қардан тұрғызылған құрылыстар арасынан қатармен жүру, жүгіру жаттығуларын жасауға жаттықтыру.Затқа дейін екі аяқтап секіру, қар кесегін нысанаға дәл лақтыра алуға тәрбиелеу.	1	11.11	
29	Мерген болғым келеді	-сапқа тұрып, төмен ұстаған екі қолмен допты бір – біріне лақтыру жаттығуын жасай алуға жаттықтыру; -қапшықты арқаға қойып, еңбектеп өту. Қапшықты төбеге қойып, гимнастикалық орындық үстімен жүріп өтуге тәрбиелеу.	1	13.11	
30	Әкем, анам және мен!	- қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты қозғау(айналдыра және тік, адымдарды алмастырып секіру) үйлесімділігін жетілдіру. -допты жоғары лақтырып, қолды артқа жіберіп шапалақтап, допты саусақтарын ашып,қайтадан қағып алуға жаттықтыру. Тапсырманы өз бетімен орындауға баулу және шыдамдылық, ептілік, күш секілді дене сапаларын дамыту.	1	15.11	
31	Отбасымызбен бірге жаттығамыз.	- қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты қозғау(айналдыра және тік, адымдарды алмастырып секіру) үйлесімділігін жетілдіру. -допты жоғары лақтырып, қолды артқа жіберіп	1	18.11	

		шапалақтап, допты саусақтарын ашып, қайтадан қағып алуға жаттықтыру. Тапсырманы өз бетімен орындауға баулу және шыдамдылық, ептілік, күш секілді дене сапаларын дамыту.			
32	Отбасылық альбом.	-балалар арасындағы достық қарым-қатынасты орнатуға және ұжымның ұйымшыл болуына жағдай жасау. Допты оң және сол қолмен еденге кезекпен ұруды жаттықтыруға жалғастыру.	1	20.11	
33	Хоккей ойнап үйренеміз. (таза ауада)	-қимыл әрекеттің дұрыс басталуының кепілі болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуге, шайбаны ілгері бағытта ұшыруға үйрету. -жұпта қасына қарай аттау арқылы қозғала отырып заттарды орнынан басқа жерге апаруға, қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіруге, түсетін күшті мөлшерлеп бөлуге жаттықтыру.	1	22.11	
34	Тату-тәтті баламыз.	-балалар арасындағы достық қарым-қатынасты орнатуға және ұжымның ұйымшыл болуына жағдай жасау. Допты оң және сол қолмен еденге кезекпен ұруды жаттықтыруға жалғастыру.	1	25.11	
35	Менің көңілді добым.	-доппен орындалатын жаттығулардың маңызы туралы түсініктерін толықтыру және жалпы қозғалыстар туралы танымдық көзқарастарын дамыту. Түзу жүріп, допты бір қолмен соғып жүруге үйрету. Доппен орындалатын қозғалыс түрлеріндегі іскерліктерді дамыту.	1	27.11	
36	Аулада ойнайтын ойындар (таза ауада)	-баланы сезіну (сенсорлы) үдерістері арқылы және қимыл- қозғалыстарын үнемі толықтырып отырып дамытуға жағдай жасау; -түзу жүріп, допты бір қолмен соғып жүруге жаттықтыруды жалғастыру, допты соға білу шеберліктерін (машықтарын) бекіту. ә) Айналып тұрған арқанның астымен түрлі тәсілмен жүгіріп өтуге жаттықтыру; -айналып тұрған арқан астымен шапшаң өтіп кету сапасын дамыту.	1	29.11	

2024 - 2025 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ / ЖЕЛТОҚСАН АЙЫ/

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
37	Асықпен ойналатын ойындар.	-малдас құрып отырып, ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, онықайтадан қағып алуға үйрету; -гимнастикалық орындық үстінде асықтарды алдында, артында ұстап, тепе-теңдік сақтап жүру. -көзмөлшерлеуін, ептілік, төзімділік секілді дене сапаларындамыту.	1	02.12	
38	Хоккей ойнаймыз! (таза ауада)	-қимыл әрекеттің дұрыс басталуының кепілі болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуге, шайбаны ілгері бағытта ұшыруға үйрету.	1	04.12	

		-жұпта қасына қарай аттау арқылы қозғала отырып заттарды орнынан басқа жерге апаруға, қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіруге, түсетін күшті мөлшерлеп бөлуге жаттықтыру.			
39	Керуен.	-әртүрлі бағытта бір аяқпен секіре білу шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру, табанның алдыңғы жағымен таянып итерілулерін бекіту. -өкшемен отырып, ұсақ заттарды (тастарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алушеберліктерін (машықтарын) бекіту. Көзмөлшерлеуін, ептілік, төзімділік секілді дене сапаларын дамыту.	1	06.12	
40	Ержүрек құмырсқалар.	-нақты қимыл-қозғалыс жасай білу қабілеттерін қалыптастыруды жалғастыру, анализатор орталықтарын белсендіруге мүмкіндік жасау. -гимнастикалық қабырғада әртүрлі тәсілмен өрмелеу. Бір орында тұрып биіктікке түрлі тәсілдермен секіруге (30 см) үйрету. Гимнастикалық қабырғада әртүрлі тәсілмен өрмелеуге жаттықтыру.	1	09.12	
41	Мультфильмдер әлемі.	-екі жақтан бір-біріне қарама-қарсы келіп, орындық ортасынан кері бұрылып қайтуды бекіту. Шұңқырға секіру: 30 см биік заттың үстінен белгіленген жерге дәл секіріп түсулерін бекіту.	1	11.12	
42	Шаңғымен жүру(таза ауада)	-балаларды шаңғымен жүрумен таныстыру, қозғалысқа дұрыс бастама болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуді үйрету; -дене қимыл жаттығуларын төзімділік пен жаттыққандықты арттыру үшін біртіндеп көбейте отырып орындауға дағдыландыру.	1	13.12	
43-44	Біздің айналамыздағы әлем.\ Африкаға саяхат.	-гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге жаттықтыруды жалғастыру, қолмен аяқ қозғалысын үйлесімді қозғау қабілеттерін жетілдіру. Шынтақтарын бүгіп, қысқа адыммен және бірқалыпты ырғақпен жүгіру шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру. Еркін бағытта фитболдарды (доптарды) домалатуға жаттықтыру.	2	18.12	16.12
45-46	Африкаға саяхат.	-гимнастикалық орындық үстінде бір бүйірмен	2	20.12	

		жүруді; бір бүйірмен аяқты аяққа тигізіп жүруді, гимнастикалық қабырғада өрмелеуді үйрету.		23.12	
47	Құрлықтар бойынша саяхат.	-балаларды тоқтамай жүгіруге, коньки, шаңғы тебушінің қимылын келтіріп, кең адымдап сырғанап жүруге жаттықтыру. Допты алып жүру (қашықтық 5 м) жаттығуымен таныстыру. Құрсаудың жоғарғы жиегіне жанаспай, қолдағы доппен құрсау ішіне кіруге жаттықтыру	1	25.12	
48-49	Байқоңыр.	-еңкіш тақтай үстімен тепе-теңдік сақтап жүруге, заттардың үстімен екі аяқтап секіруге, секіртпемен еркін секіруге үйрету.	2	27.12 10.01.2025	

**2024 - 2025 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ / ҚАҢТАР АЙЫ/**

Р/с №	ҰІӨ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
48-49	Байқоңыр.	-еңкіш тақтай үстімен тепе-теңдік сақтап жүруге, заттардың үстімен екі аяқтап секіруге, секіртпемен еркін секіруге үйрету.	2	27.12 10.01.2025	
50	Шаңғымен жүру(таза ауада)	-шаңғы жолымен сырғу арқылы жүру жаттығуларын жасауға дағдыландыру. Таудан түсу және оған көтерілу үлгісі бойынша жаттығулар жасату.. Шайбаны бір – біріне лақтыру және мұз жолымен сырғу жаттығулары.	1	13.01	
51	Ғарышқа саяхат.	-сапты бұзбай бірінші-екінші деп саналуға үйрету. -бір қолмен допты еденге соғуды үйретуді	1	15.01	

		жалғастыру, допты алақанды ашып қағып алу, кеудеден саусақтардың басымен итеріп лақтыру және аяқтың қасында еденге қырындап бір қолмен соғуға дағдыландыру.			
52-53	Жыл мезгілдеріне саяхат (таза ауада)	-бір орында тұрып ұзындыққа (60 см) секіру жаттығуларын жасату; -үлкен адыммен «алақан» бейнеленген суреттерді басып еңбектеуге, «аяқтың ізі» ұзындыққа секіруді үйрету.	2	17.01 20.01	
54	Жігіттер сайысы.	-балаларға дене қимыл жаттығулары арқылы жаттығуларды дұрыс жасауға дағдыландыру. Жүгіру және секіру ойын – жаттығуларын дамыту.	1	22.01	
55-56	Ұлы есімдер.	-балаларға қапшықты иық тұсынан лақтыру жаттығуларымен таныстыру. Бір қатарға қойылған ағаштардың арасымен аяқтың ұшымен, өкшемен алма-кезек секіруге, жетекшінің белгісі бойынша бұрылуға, жүруге жаттықтыру. Еліміздегі атақты спортшылардың еңбегін құрметті білуге тәрбиелеу.	2	24.01 27.01	
57	Желаяқтар.	-заттарды тік нысанаға лақтыруды үйрене түсу, иықтан жоғары алға қарайшұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп лақтыру дағдыларын дамыту; -қатар-қатар қойылған таяқтардан екі аяқтап аттап секіруге жаттығу, екі аяқты бірдей жазып барып итерілу арқылы құламай түсу, қол мен аяқтың қимылын үйлестіруді дамыту;--өз денесін басқаруды жалғастыру, қолға доп ұстап жатып етпетінен арқаға аунап ілгері қозғалу.	1	29.01	
58	«Батырлар» (айналмалы жаттығуларды қолдану).	-жүгіріп келіп биіктікке секіруді дұрыс орындауға үйрету, екпін алып жүгірумен белгіленген орыннан итеріліп секіруді үйлестіруге үйрену; -көлденең нысанаға асық лақтыру дағдаларын жалғастыру. «Түзу қолмен төменнен» лақтыруды орындап жаттығу; -баяу жүгіру, жүгіру кезінде алған қарқынын жоғалтпауды, аяқты өкшеден басына қарай қоюды, иықты босатып, қолды еркін қоюды қадағалай білу; -гимнастикалық қабырғада қиғаш өрмелеуге, түрлі	1	31.01	

		тәсілмен түсуге жаттығу, қол мен аяқтың үйлесімді қозғалысын жалғастыру.			
--	--	--	--	--	--

**2024 - 2025 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ / АҚПАН АЙЫ/**

Р/с №	ҰІӨ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
59-60	Мерген.	-көлбеу тақтайға жүгіріп шығу, түсу, биіктен салмақ түсіру, тірелу нүктесінде тепе-теңдік сақтауға дағдыландыру; -тік нысанаға заттарды лақтырып, тура ортасына тигізу; түрлі қимылдарды қосып орындауға жаттықтыру; -жерден биіктетілген тақтайдың астынан өту, биік тақтай үстінде жинақталып нысананың ішінен тепе-теңдікті сақтай отырып өтуге жаттығуды жалғастыру; -өз денесін басқаруды, арқаннан ұстап салбырап	2	03.02 05.02	

		тұруды, ептілік, өз бетімен әрекет ету, күштілікті дамыту.			
61	Аңшылар.	-еденде созылып жатқан арқан үстімен жүруге, көлбеу қойылған тақтай үстімен жүріп келіп, келесі тақтайға ауысуға жаттықтыру.	1	07.02	
62	Қыстаудағы ойындар.	-гимнастикалық орындық үстінде қолды жоғары көтеріп, шайбаны хоккей таяғымен кішкентай қақпадан өткізуді үйрету.	1	17.02	
63	Желді қуып жет!(таза ауада)	-екі аяқпен алға секіріп жүруді; Екі аяқпен теп-теңдікті сақтап секіруді үйрету.	1	19.02	
64	Жайлаудағы ойындар.	-қабырғаға допты соғып, одан ыршыған допты жерге түсірмей қағып алуды, заттар арасымен үздіксіз жүруді. Доппен жасалатын жаттығуларды үйрету.	1	21.02	
65	Арқанмен ойнау шынықтырады.	-арқанмен жасалатын дене қимылдарын жасай білуге дағдыландыру. Белгілі бір белгіге көтерілген арқанның астынан кте білуге тәрбиелеу.	1	24.02	
66	Өз бетімізбен жаттығамыз.	-балаларды қашықтыққа жүріспен кезектестіре отырып жүгіру жаттығуларымен таныстыру.	1	26.02	
67	Жан-жағыңа жылулық сыйла!	-қимыл әрекеттердің еркін орындалуын, себетке допты аяқты бүгіп, жаза келедәлдеп лақтыруды, бастапқы қалыпқа дұрыс келе білуді үйрету; -кең адымдап жүгіруді, гимнастикалық қабырғаға аяқты аяқтың қасына қоя отырып, қиғаштап қозғалып өрмелеп, алма-кезек адымдап түсуді жалғастыру; -ептілікті, төзімділікті, ойлауды, майысқақтықты дамыту; -салауатты өмірге, денсаулығын сақтауға, әлсіздерге көмек беруге, күштілікке тәрбиелеу.	1	28.02	

**2024 - 2025 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ / НАУРЫЗ АЙЫ/**

Р/с №	ҰІӨ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
68	Мұздағы ойын.	-денені түзу ұстап, тізені жоғары көтере еркін жүруге, жүгіруге, тізе мен санды жоғары көтеріп, ырғақпен жүруге; зал ішінде бір-біріне доп лақтырып жүгіруге жаттықтыру.	1	03.03	
69	Спорт түрлері.	-қабырғаға допты соғып, одан ыршыған допты жерге түсірмей қағып алуды, заттар арасымен еңбектеуді, гимнастикалық орындықтың астымен өтуді үйрету.	1	05.03	
70-71	Жаттығу – жеңіс кепілі! Айналмалы жаттығулар.	-жүру мен жүгіруді алмастыра отырып, эстафеталық жарыс ұйымдастыру.	2	07.03 10.03	
72	Стадион (таза ауада)	-балаларға бір орнында тұрып секіру жаттығуларымен таныстыру. Қауіпсіз ережелерді	1	12.03	

		сақтай білуге тәрбиелеу.			
73	Бір, екі, үш, балалар алды күш!	-үздіксіз жүру,секіру жаттығуларымен таныстыра отырып,дене қимылдарын дұрыс жасауға бейімдеу.	1	14.03	
74	«Қазақстан Республикасы халықтарының ойындары (таза ауада)	-гимнастикалық орындық үстінен аяқтың ұшымен жүріп өту жаттығуларын дұрыс жасай алуға тәрбиелеу.Оң және сол қолымен нысанаға дәл лақтыруға жаттықтыру. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.	1	17.03	
75	Волейболшының жаттығуы.	-гимнастикалық қабырғаның басына дейін бір әдіспен өрмелеу, одан келесі арқалыққа өтіп, төмен түсу жаттығуларын дұрыс жасай алуға бейімдеу. Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру.	1	19.03	

**2024 - 2025 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ / СӘУІР АЙЫ/**

Р/с №	ҰІӨ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
76	Ойна, ойна, доптан айырылып қалма!	-гимнастикалық қабырғаның басына дейін бір әдіспен өрмелеу, одан келесі арқалыққа өтіп, төмен түсу жаттығуларын дұрыс жасай алуға бейімдеу. Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру.	1	02.04	
77	Футбол ойнаймыз(таза ауада)	-доппен жасалатын қимылдарды дұрыс жасай білуге жаттықтыру.Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру. Жаттығу денсаулыққа пайдалы екенін түсіндіру.	1	04.04	
78-79	Волейбол алаңында жаттығу.	-еңкіш тақтай үстімен жүру. Ілгері жылжи отырып, аяқтан – аяққа секіру (қашықтық 4 м) жаттығуларын орындату.	2	07.04 09.04	

80	Менің достарымның ойыны.	-балаларға тізені жоғары көтеріп жүгіру, 1,5 минутқа дейін үздіксіз жүгіру жаттығуларын жасай алуға жаттықтыру.Ойындағы қауіпсіздік ережерді сақтай білуге тәрбиелеу.	1	11.04	
81	Қазақ халқының ұлттық ойындары.(таза ауада)	-шығыршық арқылы жұптасып өтуді, еденге қатарынан төселген бірнеше тақтайшалар үстінен секіруді; еденге қолды тигізбей доға астынан тура, бір бүйірмен өтуді үйрету; -ұлттық ойындарды қызығушылықпен ойнай білуге тәрбиелеу.	1	14.04	
82-83	Ойын ойнап өсеміз.	-допты қабырғаға соғып, қол шапалақтап, ыршыған допты қағып алуды; түзу сызық бойынша оң аяқпен секіруді; айналып тұрған секіртпе астынан жүгіріп өтуді үйрету.	2	16.04 18.04	
84	Аңшылар.	-тік нысынаға заттарды лақтырып,тура ортасына тигізе білуге жаттықтыру.Тепе-теңдікті сақтай білуге тәрбиелеу.	1	21.04	
85	Өрмелеп үйренеміз.	-гимнастикалық қабырғаға өрмелей білу жаттығуларын жалғастыру.Баумен жүру ережелерін тиянақты орындай білуге тәрбиелеу.	1	23.04	
86	Көшбасшы бол.	-себетке доп лақтыру жаттығуларын жасай білу; -жүру, жүгіру жаттығуларын дұрыс орындай білуді нақтылау.	1	25.04	
87-88	Шабандоздар	-бала ағзасының барлық жүйелерін жарыс қимылдарын (эстафеталарды) орындау арқылы жаттықтыру; -қимыл әрекеттердің өз бетіменеркін орындалуын жалғастыру. -тік қойылған баспалдаққа сатылар арасымен өрмелеуге жаттығу. Қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіруін дамыту.	2	28.04 30.04	

**2024 - 2025 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ / МАМЫР АЙЫ/**

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
89	Спортпен шұғылданамыз!	-оң қол және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету, қолдарыналдымен төмен қарай айналдырып, сосын артқа толық жазылғанша сермеп лақтыруға дағдыландыру; -аяқты өкшеден бастап, аяқ басына қарай басып, жылдамдықты сақтап, баяу жүтіруге жаттығуды жалғастыру.	1	02.05	
90-91	Секіртпе – супертренажер.\ Аңшы боламыз.	-қозғалыс ортасын байыту арқылы балалардың даму, сауығуынажағдай жасау, жұмыс тәртібін ұстану мен қарым-қатынасқа түсе білу қабілеттерінің қалыптасуына көмектесу (топпен жұмыс, жұппен жұмыс); -50-40-30 см көтеріліп керілген секіртпенің астымен	2	05.05	07.05

		өтуде жақсы нәтижеге жету үшін ең тиімді тәсілдерді таңдай білу.			
92-93-94	Көтеріңкі көңіл күй.\ Өз денемізді өзіміз басқарамыз!	-допты жоғары лақтырып, жерге түсіп қайта ұшқан кезде екі қолмен қағып алуға, допты алақанын жазып, саусақтарының басымен қағып алуға үйретуді жалғастыру; -аяқ-қолын жинап, жұмырланып отырып алдыға-артқа домалауды бекіту.	3	12.05	09.05
95	Өз денемізді өзіміз басқарамыз!	-мидың табиғи механизмдерінің жұмысын белсендендіруге, зейіндерін тұрақтандыруға ықпал ету. Қысқа секіртпеден секіруге жаттыға түсу. Қол басының айнала қозғалуы мен аяқтың тігінен қозғалуын жалғастыру.; -доптылақтыру мен жерге соғылған соң арт жақтан шапалақ ұрып қағып алу, допты қаққанда алақанын жазып, саусақ басымен қағу, бұралаңдап жерге қойылған бауды басып, тепе-теңдік сақтау дағдыларын арттыру.	1	14.05	
96-97	Қазақстан халықтарының ойындары.	-шығыршық арқылы жұптасып өтуді, еденге қатарынан төселген бірнеше тақтайшалар үстінен секіруді; еденге қолды тигізбей доға астынан тура, бір бүйірмен өтуді үйрету; -ұлттық ойындарды қызығушылықпен ойнай білуге тәрбиелеу.	2	16.05 19.05	
98-99	Жұптағы спорттық ойындар.	-балаларды қашықтыққа жүріспен кезектестіре отырып жүгіру жаттығуларымен таныстыру.	2	21.05 23.05	
100-101	Тату бола білеміз!	-жаттығуларды ұжымдықпен жасай білуге тәрбиелеу. Ойындардың ережелерін сақтай отырып, ойнай білуге жаттықтыру.	2	26.05 28.05	
102	Біз оқушы боламыз!	-жыл бойы жасап үйренген жаттығуларды ұқыптылықпен, шапшаңдылықпен орындай білуді қалыптастыру. Дене жаттығуларын үнемі орындай білуге тәрбиелеу.	1	30.05	
Барлығы: 102 сағат					

**2024 - 2025 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
СӨЙЛЕУДІ ДАМУЫ / ЖЫЛДЫҚ АЙЫ/**

Білім беру ұйымы: «№25 ЖОББМ»КММ

Топ/сынып:Мектепалды 0 «А»

Балалардың жасы:5-6жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы 2024-2025 оқу жылы

Апталық жүктеме 2 сағат, жылдық жүктеме 68 сағат.

Алматы «Алматыкітап баспасы» 2024 ж.

Мақсаты: тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеуді, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту, сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру.

Міндеттері:

ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;

коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;

түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;

балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу;

балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;

әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.

Сөйлеуді дамыту:

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті

Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.

Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау.

Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.

Сөздік қор

Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.

Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.

Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру.

Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдану білуді дамыту.

Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.

Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «асар», «сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу.

Тілдің грамматикалық құрылымы

Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.

Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру;

Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту.

Байланыстырып сөйлеу

Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.

Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.

Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.

Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.

Күтілетін нәтижелер:

- ана тіліндегі барлық дауысты дыбыстарды анық айта алады;
- сөздегі дыбыстардың орнын анықтайды;
- айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз дыбыстарды анық айтады;
- артикуляциялық жаттығуларды жасауға қызығушылық танытады;
- сөздерге дыбыстық талдау жасай алады;
- сөйлегенде затесімдерді, сын есімдерді, үстеулерді, көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолданады;
- зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен байланыстырып айтады;
- хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді қолданады;
- құрдастарымен өзбетінше қарым-қатынас жасай алады;
- әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қояды және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап береді;
- негізгі ойды дұрыс тұжырымдайды;
- әңгімелерді бірізді айтып береді;
- ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығарады;
- бақылаулар мен сюжеттік суреттер бойынша әңгімелер құрастырады;

- әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті, әдепті ұстайды.